

## **Авариялық-құтқару қызметі және құтқарушылардың мәртебесі туралы**

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 27 наурыздағы N 87 Заңы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 11 сәуірдегі № 188-V Заңымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР 11.04.2014 № 188-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

### **МАЗМҰНЫ**

Ескерту. Мәтінде "тарау" деген сөздің алдындағы "I - V" деген цифрлар тиісінше "1 - 5" деген цифрлармен ауыстырылды - Қазақстан Республикасының 2004.12.20 № 13 (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді) Заңымен.

Ескерту. Бүкіл мәтін бойынша "төтенше жағдайлар жөніндегі орталық атқарушы орган", "төтенше жағдайлар жөніндегі орталық атқарушы органның", "төтенше жағдайлар жөніндегі орталық атқарушы органға" деген сөздер тиісінше "уәкілетті орган", "уәкілетті органның", "уәкілетті органға" деген сөздермен ауыстырылды - Қазақстан Республикасының 2008.05.26 № 34-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен.

Осы Заң табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды жою үшін құрылған авариялық-құтқару қызметі мен құрамаларының ұйымдастырылуы мен қызметі кезінде қоғамдық қатынастарды реттейді, құтқарушылардың мәртебесін белгілейді.

## **1 тарау. Жалпы ережелер**

### **1-бап. Осы Заңда пайдаланылатын негізгі ұғымдар**

Осы Заңда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

авариялық-құтқару құралдары - техникалық, ғылыми-техникалық және зияткерлік өнім, оның ішінде байланыс пен басқарудың арнайы құралдары, құтқару жұмыстары мен шұғыл жұмыстар технологиясы бойынша техника, жабдықтар, жарақтар, мүлік пен материалдар, әдістемелік, бейне-кино-фотоматериалдар, сондай-ақ электронды есептеу машиналарына арналған бағдарламалық деректер базасы және құтқару жұмыстары мен шұғыл жұмыстарды жүргізуге арналған өзге де құралдар;

авариялық-құтқару құрамасы - негізін арнаулы техникамен, жабдықтармен, жарақтармен, аспаптармен, материалдармен жарақтандырылған және кинологиялық қызметпен қамтамасыз етілген құтқарушылар бөлімшелері

құрайтын, құтқару жұмыстары мен шұғыл жұмыстарды жүргізуге арналған дербес немесе авариялық-құтқару қызметінің құрамына енетін құрылым;

авариялық-құтқару қызметі - негізін өзіне құрылымдық жағынан авариялық-құтқару жұмыстары мен шұғыл жұмыстарды орындайтын атқарушы-құтқарушыларды, кіші, орта және жоғары құрамдағы осы жұмысты басқарушы-құтқарушыларды және осы жұмысты техникалық жағынан қамтамасыз ететін көмекші қызметтерді қамтитын авариялық-құтқару құрамалары, оның ішінде аэромобильді отрядтар құрайтын, қызмет міндеттері жағынан біртұтас жүйеге біріктірілген, төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою жөніндегі міндеттерді шешуге арналған басқару органдарының, күштер мен құралдардың жиынтығы;

әскерилендірілген авариялық-құтқару бөлімі - қауіпті өндірістік объектілерге тәулік бойы қызмет көрсетуге арналған, дара басшылық принциптерімен әрекет етіп, соны басшылыққа алатын және қауіптілігі жоғары жағдайда, құтқарушылардың денсаулығы мен өмірі үшін жол беруге болатын шектегі тәуекелмен авариялық-құтқару жұмыстарын атқаратын мамандандырылған ұйым ;

құтқару жұмыстары - төтенше жағдайлар аймағында адамдарды, материалдық және мәдени құндылықтарды құтқару, қоршаған ортаны қорғау, төтенше жағдайларды оқшаулау және соларға тән қауіпті факторлардың ықпалын жою немесе мүмкін болатын ең төменгі деңгейге дейін жеткізу жөніндегі іс-әрекеттер;

құтқарушы - құтқару жұмыстары мен шұғыл жұмыстарды жүргізуге арнайы даярлық пен аттестаттаудан (қайта аттестаттаудан) өткен азамат;

құтқарушылардың мәртебесі - құтқарушылардың Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген құқықтары мен міндеттерінің жиынтығы;

табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар саласындағы уәкілетті орган (бұдан әрі - уәкілетті орган) - табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою саласындағы мемлекеттік реттеу мен бақылауды жүзеге асыратын мемлекеттік орган;

төтенше жағдайды жою басшысы - төтенше жағдайды жою кезінде жұмыстар жүргізуді басқаратын немесе өкілеттігіне төтенше жағдайларды жою жатқызылып, орталық немесе жергілікті атқарушы орган тағайындаған басты өкімші және жауапты адам;

төтенше жағдайларды жою кезіндегі шұғыл жұмыстар - құтқару жұмыстарын жан-жақты қамтамасыз ету, төтенше жағдайларда зардап шеккен халыққа медициналық және басқа да көмек түрлерін көрсету, адамдардың өмірі мен денсаулығын сақтау, олардың жұмыс қабілетін қолдау үшін қажетті жағдайлар

Ескерту. 1-бап жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасының 2008.05.26 № 34-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен.

## **2-бап. Қазақстан Республикасының авариялық-құтқару қызметі мен құрамалары туралы заңдары**

Қазақстан Республикасының авариялық-құтқару қызметі мен құрамалары туралы заңдары Қазақстан Республикасының Конституциясына негізделеді, " Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар туралы" Қазақстан Республикасы Заңынан, осы Заңнан, сондай-ақ Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінен тұрады.

## **3-бап. Авариялық-құтқару қызметі мен құрамалары қызметінің негізгі принциптері**

Авариялық-құтқару қызметі мен құрамалары қызметінің негізгі принциптері м ы н а л а р б о л ы п т а б ы л а д ы :

төтенше жағдайлар туындаған кезде адамдардың өмірін құтқару мен олардың денсаулығын сақтау, қоршаған ортаны қорғау міндеттерінің басымдығын көздейтін ізгілік пен қайырымдылық;

төтенше жағдайларды жою жөніндегі құтқару жұмыстары мен шұғыл жұмыстарды жүргізудің міндеттілігі;

авариялық-құтқару қызметі мен құрамаларына дара басшылық; құтқару жұмыстары мен шұғыл жұмыстарды жүргізу кезінде өзін-өзі ақтайтын тәуекелділік және қауіпсіздікті қамтамасыз ету;

авариялық-құтқару қызметі мен құрамаларының төтенше жағдайларға жедел назар аударуға және құтқару жұмыстары мен шұғыл жұмыстарды жүргізуге ұдайы әзірлігі.

## **4-бап. Авариялық-құтқару қызметі мен құрамаларының міндеттері**

1. Авариялық-құтқару қызметі мен құрамаларының негізгі міндеттері: төтенше жағдайлардың туындауы және оларды жою кезінде адамдарды құтқару және көшіру жөніндегі құтқару жұмыстары мен шұғыл жұмыстар; адамдарды құтқаруға және төтенше жағдайларды жоюға әзірлікті қамтамасыз ету жөніндегі профилактикалық жұмыстар;

кәсіптік шеберлікті жетілдіру және авариялық құтқару қызметі мен құрамаларының басқару органдарын, күштері мен құралдарын төтенше жағдайлар аймақтарына баруға және құтқару жұмыстары мен шұғыл жұмыстарды жүргізуге ұдайы әзірлікте ұстау;

құтқару жұмыстары мен шұғыл жұмыстарды жүргізуге қызмет көрсетілетін объектілер мен аумақтардың даярлығын бақылау; қызмет көрсетілетін объектілер мен аумақтарда құтқару жұмыстары мен

шұғыл жұмыстарды жүргізу болып табылады.

Авариялық-құтқару қызметі мен құрамаларына сонымен бірге: қызмет көрсетілетін объектілер мен аумақтарда төтенше жағдайлардың алдын алу мен оларды жою жоспарларын, басқа объектілер мен аумақтарда төтенше жағдайларды жою кезінде өзара іс-қимыл жоспарларын жасауға қатысу; қызмет көрсетілетін объектілер мен аумақтар бойынша, сондай-ақ аталған объектілерде халықты және аумақтарды төтенше жағдайлардан қорғауды қамтамасыз етуге ықпал ете алатын процестер бойынша іске асыруға ұйғарылған жобалар мен шешімдерге сараптама жасауға қатысу; халықты және аумақтарды төтенше жағдайлардан қорғау саласындағы білімді насихаттау, халықты және ұйымдар қызметкерлерін төтенше жағдайлар кезінде іс-қимылдарға даярлауға қатысу; құтқару жұмыстары мен шұғыл жұмыстарды ұйымдастыру және жүргізу мәселелері жөніндегі нормативтік құжаттарды әзірлеуге қатысу; құтқару ісі және аварияға қарсы қорғаныс бойынша ғылыми-зерттеу, жобалау-конструкторлық жұмыстар өткізу, жабдықтар жасау мен енгізуді ұйымдастыру; төтенше жағдайлардың алдын алу мен оларды жою жөніндегі бірыңғай мемлекеттік жүйеге жүктелетін, ізгі міндеттердің шеңберінен шықпайтын басқа да мәселелер жөніндегі міндеттер жүктелуі мүмкін.

2. Нақты авариялық-құтқару қызметтері мен құрамаларына жүктелетін міндеттердің толық тізбесін оларды құрған орган белгілейді және авариялық-құтқару қызметтері мен құрамалары туралы ережелерде немесе аталған қызметтер мен құрамалардың жарғыларында баянды етіледі.

**Ескерту. 4-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2004.12.20 № 13 (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді) Заңымен.**

### **5-бап. Авариялық-құтқару қызметі мен құрамаларын мемлекеттік қолдау**

Төтенше жағдайлардың алдын алу мен оны жоюдың бірыңғай мемлекеттік жүйесінің күштері болып табылатын авариялық-құтқару қызметі мен құрамаларына мемлекет барынша қолдау көрсетеді, бұл үшін:

авариялық-құтқару қызметі мен құрамалары үшін жеңілдіктер жүйесін белгілейді;

ұйымдарға, өздері құратын ерікті авариялық-құтқару құрамаларын даярлауға жәрдем көрсетеді, сондай-ақ құтқарушылар даярлау бағдарламасы бойынша оқып-үйренуге тілек білдірген азаматтарды даярлауға жәрдемдеседі;

құтқарушыларды құқықтық және әлеуметтік қорғау жөніндегі шаралар жүзеге асырады;

халықты және аумақтарды төтенше жағдайлардан қорғау мүддесін негізге ала

отырып, авариялық-құтқару қызметі мен құрамаларына (оның ішінде әскерилендірілген, тау-кен құтқару, газдан құтқару, атқыламаға қарсы қызметтеріне) қаржы жағынан қолдау көрсетеді.

**Ескерту. 5-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2004.12.20 № 13 (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді), 2008.05.26 № 34-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңдарымен.**

#### **6-бап. Құтқару жұмыстары мен шұғыл жұмыстардың түрлері**

Құтқару жұмыстары мен шұғыл жұмыстарға іздестіру-құтқару, тау-кен құтқару, газдан құтқару, суда құтқару, атқыламаға қарсы жұмыстар, сондай-ақ өрт сөндіруге және төтенше жағдайлардың медициналық-санитарлық зардаптарын жоюға байланысты жұмыстар және төтенше жағдайларды жою кезіндегі басқа да шұғыл жұмыстар жатады.

**Ескерту. 6-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2004.12.20 № 13 (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді), 2008.05.26 № 34-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңдарымен.**

## **2 тарау. Авариялық-құтқару қызметі мен құрамалары**

### **7-бап. Авариялық-құтқару қызметі мен құрамаларын құру**

1. Қазақстан Республикасында авариялық-құтқару қызметі мен құрамалары: тұрақты штат негізінде - кәсіби авариялық-құтқару қызметі мен құрамалары, оның ішінде әскерилендірілген тау-кен құтқару, атқыламаға қарсы, газдан құтқару, өртке қарсы, суда құтқару, жедел-құтқару, медициналық және төтенше жағдайлар саласындағы басқа да мамандандырылған бөлімдер мен бөлімшелер; еріктілік негізінде - ерікті авариялық-құтқару құрамалары, оның ішінде ерікті тау-кен құтқару, атқыламаға қарсы, газдан құтқару, өртке қарсы және суда құтқару құрамалары құрылады.

**Ескерту. 7-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2008.12.04 № 97-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен.**

2. Кәсіби авариялық-құтқару қызметі мен құрамалары: Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша - республикалық (оның ішінде республикалық мемлекеттік кәсіпорындар) және аумақтық; ұйымдар басшылығының тарапынан - объектілік (қызметін жүзеге асыру үшін өз авариялық-құтқару қызметі мен құрылымдары міндетті түрде болуы Қазақстан Республикасы заңдарымен және өзге де нормативтік құқықтық актілермен көзделген ұйымдарда) болып құрылады.

3. Ерікті авариялық-құтқару құрамаларын өз қызметкерлерінен жасақталған ұйымдар құрады.

4. Кәсіби авариялық-құтқару құрамалары арнаулы техникамен, жабдықпен, құрал-сайманмен, керек-жарақпен, аспаптармен, материалдармен жарақтандырылады және кинологиялық қызметпен қамтамасыз етіледі.

Кәсіби авариялық-құтқару құрамаларын жарақтандырудың және кинологиялық қызметпен қамтамасыз етудің нормаларын Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.

Ескерту. 7-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2004.06.15 № 563, 2004.12.20 № 13 (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді), 2008.12.04 № 97-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңдарымен.

#### **8-бап. Авариялық-құтқару қызметтері мен құрамаларының құрамы мен құрылымы**

Авариялық-құтқару қызметтері мен құрамаларының құрамы мен құрылымын Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайды.

Ескерту. 8-бап жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасының 2004.12.20 № 13 (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді), 2008.12.04 № 97-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңдарымен.

#### **9-бап. Авариялық-құтқару қызметі мен құрамаларын жасақтау**

1. Авариялық-құтқару қызметі мен құрамаларының жеке құрамын жасақтау ерікті негізде жүзеге асырылады.

2. Кәсіби авариялық-құтқару қызметі мен құрамаларына құтқарушылар қызметіне, құтқарушылар даярлау жөніндегі білім беру ұйымдарында оқуға медициналық байқауда құтқарушы жұмысына жарамды деп танылған және олардың кәсіби даярлығы мен дене шымырлығына, моральдық-психологиялық қасиеттеріне қойылатын талаптарға сай келетін азаматтар қабылданады.

3. Авариялық-құтқару қызметі мен құрамаларында құтқарушылар міндетін атқаруға жасы 18-ге толған, құтқарушыларды даярлау бағдарламасы бойынша оқу бітірген және құтқару жұмыстары мен шұғыл жұмыстарды жүргізуге белгіленген тәртіппен аттестаттаудан өткен азаматтар жіберіледі.

Авариялық-құтқару қызметтері мен құрамаларының орта, аға және жоғары басшы құрамы жоғары кәсіби білімі бар және арнайы даярлықтан өткен адамдардан жинақталады.

Аталған адамдар кәсіби авариялық-құтқару қызметтерінде және құрамаларында үш ай ішінде тағылымдамадан өткен соң және құтқарушы біліктілігін алғаннан кейін дербес жұмысқа жіберіледі.

4. Кәсіби авариялық-құтқару қызметі мен құрамаларына құтқарушылар қызметіне азаматтарды қабылдау кезінде олармен еңбек шарты жасалынады, онда еңбек шартын жасасу мен тоқтату шарттары; құтқарушылар жұмысының ерекшеліктері мен режимі; еңбекақы төлеудің тәртібі мен шарттары;



құтқарушыларға арналған әлеуметтік кепілдіктер мен жеңілдіктер; құтқарушылардың өздеріне жүктелген міндеттерді және кезекшілікте, құтқару жұмыстары мен шұғыл жұмыстарды жүргізу кезінде аталған авариялық-құтқару қызметі мен құрамалары басшыларының өкімдерін мүлтіксіз орындау міндеттемесі баянды етіледі.

Ескерту. 9-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2007.05.15 № 253, 2007.07.27 № 320 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2008.05.26 № 34-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңдарымен.

#### **10-бап. Авариялық-құтқару қызметі мен құрамаларын тіркеу**

1. Кәсіби авариялық-құтқару қызметі мен құрамаларын заңды тұлға ретінде мемлекеттік тіркеу Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен жүргізіледі.

2. Авариялық-құтқару қызметтері мен құрамаларын тіркеуді (есепке алуды) уәкілетті орган өзі белгілеген тәртіппен жүзеге асырады.

Ескерту. 10-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2004.12.20 № 13 (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді), 2008.12.04 № 97-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңдарымен.

#### **11-бап. Авариялық-құтқару қызметі мен құрамаларының қызметі**

1. Кәсіби авариялық-құтқару қызметі мен құрамаларының қызметі ерекше сипатта болады, аталған қызмет пен құрамалардың басшылары берген бұйрықтар мен өкімдерді олардың барлық қызметкерлерінің мүлтіксіз орындауын көздейді. Бұл талаптар ерікті авариялық-құтқару құрамалары төтенше жағдайды жоюға тартылған кезден бастап оларға да қойылады.

2. Кәсіби авариялық-құтқару қызметі мен құрамалары объектілер мен аумақтарға қызмет көрсету жөніндегі өз жұмысын Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес шарттық негізде іске асыра алады.

3. Кәсіби авариялық-құтқару қызметі мен құрамаларының төтенше жағдайды жою жөніндегі жұмыстарды жүргізуге дайындығы өз өкілеттігі шегінде уәкілетті орган іске асыратын аттестаттау және тұрақты тексерулер барысында тексеріледі.

4. Кәсіби авариялық-құтқару қызметі мен құрамаларының тұрақты дайындығы олардың құрамын кәсіби даярлау және қайта даярлау бойынша жүйелі сабақтар мен арнайы жаттықтыру жиындарын өткізу арқылы қамтамасыз етіледі.

5. Кәсіби авариялық-құтқару қызметі мен құрамалары жедел көлігі дыбыс шығару, жарық беру белгілері бар арнаулы құрылғылармен, сондай-ақ

белгіленген үлгідегі түрлі-түсті бояулы, сәулелі таңбалармен міндетті түрде жабдықталады.

6. Ерікті авариялық-құтқару құрамалары құрылған объектілердің басшылары құтқарушыларды авариялық-құтқару жұмыстарын жүргізудің арнайы дағдыларына оқытып-үйрету жөнінде тұрақты сабақтар өткізеді және оларды бұл үшін арнаулы киім-кешекпен қамтамасыз етеді.

**Ескерту. 11-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2000.06.23 № 55, 2004.12.20 № 13 (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді) Заңдарымен.**

### **12-бап. Авариялық-құтқару қызметі мен құрамаларын аттестаттау**

1. Барлық авариялық-құтқару қызметі мен құрамалары Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен аттестатталуға тиіс.

2. Аттестаттаудан өткен авариялық-құтқару қызметтері мен құрамаларына - тиісті аттестаттау комиссияларының шешімі негізінде авариялық-құтқару жұмыстарының белгілі бір түрлерін жүргізу құқығына белгіленген үлгідегі куәлік, ал құтқарушыларға құтқарушының куәлігі беріледі.

3. Егер аталған ұйымдар құрған немесе оларға шарттар бойынша қызмет көрсететін объектілік кәсіби авариялық-құтқару қызметі мен құрамаларының дайындығы және жай-күйі авариялық-құтқару қызметін қамтамасыз ету жөніндегі талаптарға сай келмеген жағдайда, ондай ұйымдардың қызметі толық немесе ішінара тоқтатыла тұрады. Аталған ұйымдардың қызметін тоқтата тұру тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.

**Ескерту. 12-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2000.06.23 № 55, 2007.01.12 № 222 (ресми жарияланған күнінен бастап алты ай өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі), 2008.05.26 № 34-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңдарымен.**

### **13-бап. Авариялық-құтқару қызметі мен құрамаларының жұмысын үйлестіру**

1. Авариялық-құтқару қызметі мен құрамаларының жұмысын үйлестіруді уәкілетті орган жүзеге асырады.

2. Қазақстан Республикасының аумағында авариялық-құтқару қызметі мен құрамаларының жұмысын үйлестіру:

төтенше жағдайларды жою үшін қажетті күштер мен құралдарды жедел тарту ;

халық пен аумақтарды төтенше жағдайлардан қорғау саласындағы, сондай-ақ құтқарушылар мен олардың отбасы мүшелерін әлеуметтік қорғау саласындағы Қазақстан Республикасының заңдарын жетілдіру жөнінде мемлекеттік органдарға келісілген ұсыныстар жасау;



авариялық-құтқару қызметі мен құрамалары жұмысының нормативтік құқықтық базасын бір ізге түсіру;

авариялық-құтқару құралдарын өндіру саласында және авариялық-құтқару қызметі мен құрамаларын материалдық-техникалық жағынан қамтамасыз ету мәселелерінде бірыңғай мемлекеттік саясат жүргізу;

авариялық-құтқару қызметі мен құрамалары және басқа күштер, соның ішінде тиісті аумақтарда құтқару жұмыстары мен шұғыл жұмыстарды жүргізу үшін бөлінген әскери бөлімдер мен бөлімшелер арасындағы өзара іс-қимылды

**п ы с ы қ т а у ;**

құтқару жұмыстары мен шұғыл жұмыстарды жүргізуге қатысатын авариялық-құтқару қызметі мен құрамаларының құтқарушыларын, лауазымды адамдарын даярлау мәселелерін шешу мақсатында жүзеге асырылады.

3. (алынып тасталды - Қазақстан Республикасының 2008.12.04 № 97-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен).

Ескерту. 13-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2004.12.20 № 13 (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді), 2006.01.10 № 116 (2006 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді), 2008.12.04 № 97-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңдарымен.

#### **14-бап. Авариялық-құтқару қызметі мен құрамаларының орнын ауыстыру, оларды қайта бейімдеу, тарату**

1. Міндетті түрде құрылуы қажеттігі Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген кәсіби авариялық-құтқару қызметі мен құрамаларын басқа жерге ауыстыруға, оларды құтқару жұмыстары мен шұғыл жұмыстардың басқа түріне қайта бейімдеуге немесе таратуға олар қызмет көрсететін ұйымдардың жұмыс істеуінің тоқтатылуы немесе аталған қызметтер мен құрамалар алдын алу және жою үшін құрылған төтенше жағдайлардың пайда болу қаупінің жойылуы негіз болып табылады.

2. Міндетті түрде құрылуы Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген кәсіби авариялық-құтқару қызметтері мен құрамаларының орындарын ауыстыру, оларды қайта бейімдеу немесе тарату туралы шешімдерді:

1) республикалық және аумақтық кәсіби авариялық-құтқару қызметтері мен құрамаларына қатысты - уәкілетті органның ұсынысы бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметі;

2) (алынып тасталды - Қазақстан Республикасының 2008.12.04 № 97-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен);

3) объектілік кәсіби авариялық-құтқару қызметтері мен құрамаларына қатысты - уәкілетті органның келісімі бойынша ұйымдардың басшылығы қабылдайды.

3. Ұйымдар әкімшіліктерінің шешімі бойынша құрылған ерікті авариялық-құтқару құрамаларын тарату туралы шешімдер қабылданған кезде, олар уәкілетті органға хабарлайды.

Ескерту. 14-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2004.12.20 № 13 (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді), 2008.12.04 № 97-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңдарымен.

#### **15-бап. Кәсіби авариялық-құтқару қызметтері мен құрамаларының қызметін қаржыландыру**

Кәсіби авариялық-құтқару қызметтері мен құрамаларының қызметін қаржыландыру Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

Ескерту. 15-бап жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасының 2000.06.23 № 55 Заңымен.

### **3 тарау. Авариялық-құтқару қызметі мен құрамаларының төтенше жағдайларды жоюға қатысуы**

#### **16-бап. Авариялық-құтқару қызметі мен құрамаларын төтенше жағдайларды жоюға тарту**

1. Авариялық-құтқару қызметі мен құрамаларын төтенше жағдайларды жоюға тарту:

аталған авариялық-құтқару қызметі мен құрамалары қызмет көрсететін объектілер мен аумақтарда төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою жоспарларына сәйкес;

басқа объектілер мен аумақтарда төтенше жағдайларды жою кезіндегі өзара іс-қимыл жоспарларына сәйкес;

төтенше жағдайлардың пайда болуы мен өрістеуі кезіндегі іс-қимылдардың белгіленген тәртібімен;

аумағында төтенше жағдайлар қалыптасқан немесе өкілеттігіне аталған төтенше жағдайларды жою жатқызылған уәкілетті органның, ұйымдардың сұрау салуы негізінде, төтенше жағдайларды жою басшыларының сұрау салуы негізінде не аталған органдардың және төтенше жағдайларды жою басшыларымен келісім бойынша - аталған авариялық-құтқару қызметі мен құрамаларының қызметіне басшылықты жүзеге асыратын не соған Қазақстан Республикасының заңдарымен белгіленген өкілеттігі бар орталық және жергілікті атқарушы органдардың, ұйымдардың лауазымды адамдарының шешімі бойынша жүзеге асырылады.

Суда құтқару қызметтерін төтенше жағдайларды жоюға тартуды төтенше жағдайларды жою басшысы жүзеге асырады.

2. Кәсіби авариялық-құтқару қызметі мен құрамаларын соған уәкілетті лауазымды адамдардың шешімі бойынша төтенше жағдайларды жоюға тарту объектілер мен аумақтардың төтенше жағдайлардан қорғалуының Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген деңгейін қамтамасыз ететін шаралардың міндетті түрде қолданылуымен қатар жүргізілуге тиіс.

3. Авариялық-құтқару қызметі мен құрамаларының жеке құрамын, көлік және техникалық құралдарын олардың төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою жөніндегі негізгі міндеттерімен байланысы жоқ жұмыстарды орындау үшін т а р т у ғ а б о л м а й д ы .

Ескерту. 16-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2004.12.20 № 13 (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді), 2008.05.26 № 34-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңдарымен.

### **17-бап. Құтқару жұмыстары мен шұғыл жұмыстарға басшылық жасау**

1. Төтенше жағдайларды жоюға тартылған барлық күштер мен құралдарға басшылық жасауды және олардың өзара іс-қимылдарын ұйымдастыруды төтенше жағдайларды жою басшылары жүзеге асырады.

2. Төтенше жағдайларды жою басшысының өкілеттігін Қазақстан Республикасының Қазақстан Республикасының заңымен айқындалады.

3. Төтенше жағдайлар аймағына бірінші болып келген авариялық-құтқару қызметі мен құрамаларының басшылары өздеріне төтенше жағдайларды жою басшыларының өкілеттігін қабылдайды және ол өкілеттікті төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою жоспарларымен белгіленген немесе орталық және жергілікті атқарушы органдар, осы төтенше жағдайларды жою өз өкілеттігіне жатқызылған ұйымдардың басшылары тағайындаған төтенше жағдайларды жою басшылары келгенге дейін атқарып, олардың қарамағына кіреді.

4. Алып тасталды - ҚР 2011.01.10 № 383-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

5. Төтенше жағдайларды жою басшыларын белгіленген тәртіпте міндетін атқарудан шеттетіп, басшылықты өзіне қабылдаудан немесе басқа лауазымды адамды тағайындаудан басқа ретте олардың төтенше жағдайларды жою жөніндегі жұмыстарға басшылық жасау қызметіне араласуға ешкімнің құқығы жоқ.

6. Алып тасталды - ҚР 2011.01.10 № 383-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

7. Алып тасталды - ҚР 2011.01.10 № 383-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

8. Алып тасталды - ҚР 2011.01.10 № 383-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

9. Құтқару жұмыстары мен шұғыл жұмыстардың бүкіл көлемін жүргізуге технологиялық мүмкіндік болмаған жағдайда төтенше жағдайларды жою басшылары бірінші кезекте төтенше жағдайлар аймақтарындағы адамдарды құтқару жөнінде барлық мүмкін болған шараларды қолдана отырып, аталған жұмыстарды толық немесе олардың бір бөлігін тоқтату туралы шешім қабылдай а л а д ы .

Ескерту. 17-бапқа өзгерту енгізілді - ҚР 2004.06.15 № 563, 2011.01.10 № 383-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

### **17-1-бап. Төтенше жағдайды жою басшысының өкілеттіктері**

#### **1. Төтенше жағдайды жою басшысы:**

1) төтенше жағдай аймағында барлауды және жағдайды бағалауды, қолда бар күштер мен құралдарды пайдалана отырып, адамдарды құтқаруды ұ й ы м д а с т ы р а д ы ;

2) авариялық-құтқару жұмыстарын жүргізу үшін неғұрлым қауіпті учаскелерді, күштер мен құралдардың қажетті санын, құтқару жұмыстарын жүргізудің әдістері мен тәсілдерін айқындайды;

3) төтенше жағдайларды жою жоспарына сәйкес авариялық-құтқару жұмыстарын жүргізуді ұ й ы м д а с т ы р а д ы ;

4) төтенше жағдайлар аймағындағы объектілерде және ұйымдардың аумағында құтқару және шұғыл жұмыстар жүргізу туралы шешім қабылдайды;

5) авариялық-құтқару қызметтері мен құралымдарына міндеттер қоюды жүзеге асырады, олардың өзара іс-қимылын ұйымдастырады, олардың қауіпсіздігін және қойылған міндеттердің орындалуын қамтамасыз етеді;

6) төтенше жағдай аймағындағы жағдайдың өзгеруін бақылауды жүзеге асырады және тиісті шешімдер қабылдайды;

7) қажеттілік шамасына қарай қосымша күштер мен құралдар шақыртады, оларды қарсы алуды ұйымдастырады, авариялық-құтқару жұмыстарын жүргізу о р н ы н ( а у д а н ы н ) а й қ ы н д а й д ы ;

8) күштер мен құралдардың резервін құруды ұйымдастырады, ауысымдық жұмыс т ә р т і б і н а й қ ы н д а й д ы ;

9) төтенше жағдайдың жаһандық және өңірлік ауқымда таралуы кезінде

төтенше жағдайлар аймағында қалыптасқан жағдай және авариялық-құтқару және басқа да шұғыл жұмыстарды ұйымдастыру және жүргізу жөнінде өздері қабылдаған шешімдері туралы Қазақстан Республикасының Үкіметін, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар саласындағы уәкілетті органды х а б а р д а р е т е д і ;

10) күштер мен құралдардың төтенше жағдай орнынан кету тәртібін а й қ ы н д а й д ы ;

11) төтенше жағдай өршіген кезде төтенше жағдайды жою басшысы аса қажет болған (адамдардың өмірі мен денсаулығына тікелей қауіп төнген) ж а ғ д а й д а :

төтенше жағдай аймағына адамдар мен көліктің кіруін шектейді;  
төтенше жағдай аймағындағы ұйымдардың қызметін тоқтата тұрады;  
авариялық-құтқару қызметтерінің күштері мен құралдарын, азаматтық қорғаныс құрамаларын, сондай-ақ ерікті авариялық-құтқару құралымдарын және аталған құралымдардың құрамына кірмейтін құтқарушыларды, олардың құтқару және шұғыл жұмыстар жүргізуге аттестатталғанын растайтын құжаттары болған кезде авариялық-құтқару жұмыстарын жүргізуге тартады;

халықты ерікті негізде шұғыл жұмыстарды жүргізуге, сондай-ақ құтқарушы болып табылмайтын жекелеген азаматтарды өздерінің келісімімен құтқару жұмыстарын жүргізуге тартады;

төтенше жағдай аймағында көшіру іс-шараларын жүргізуді ұйымдастырады;  
төтенше жағдайларды жою үшін төтенше жағдайлар аймағындағы ұйымдардың материалдық ресурстар резервтерін броньнан алады;

Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес кейіннен шығыстарды өтей отырып, ұйымдардың байланыс құралдарын, көлік құралдарын және өзге де мүлкін тартады;

аса қажет болған жағдайда өздері қабылдаған шешімдер туралы тиісті мемлекеттік органдарды, ұйымдардың басшыларын тез арада хабардар ету жөнінде шаралар қабылдайды;

төтенше жағдайлардың өрбуіне және құтқару және шұғыл жұмыстардың барысына байланысты басқа да қажетті шараларды қабылдайды;

12) төтенше жағдайларды жою басшылары, авариялық-құтқару қызметі мен құралымдарының басшылары құтқару және шұғыл жұмыстарды ұйымдастыру үшін қажетті төтенше жағдайлар туралы толық және дәйекті ақпаратқа құқығы б а р .

2. Егер Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше көзделмесе, төтенше жағдайды жою басшысының төтенше жағдайды жоюға бағытталған шешімі төтенше жағдайлар аймағындағы барлық лауазымды адамдар, азаматтар мен ұйымдар үшін міндетті болып табылады.

3. Қазақстан Республикасының Үкіметі табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайдың жойылғаны туралы жариялағаннан кейін төтенше жағдайды жою басшысының өкілеттігі тоқтатылады.

Ескерту. Заң 17-1-баппен толықтырылды - ҚР 2011.01.10 № 383-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

**18-бап. Авариялық-құтқару қызметі мен құрамаларына олардың өз қызметін жүзеге асыруына жәрдемдесу**

1. Орталық және жергілікті атқарушы органдар, ұйымдар төтенше жағдайлар аймақтарына бара жатқан және орналасқан жеріне қайтып келе жатқан авариялық-құтқару қызметі мен құрамаларына кейіннен оларға өтемі жасалатын, қажетті көлік пен материалдық құралдарды бере отырып барынша жәрдем көрсетуге міндетті.

2. Құтқару жұмыстары мен шұғыл жұмыстар жүргізілетін жерге бара жатқан кезде кәсіби авариялық-құтқару қызметі мен құрамаларының жедел көлігі, оның ішінде уақытша тартылған және жалға алынған көлік кедергісіз жүру құқығын аэродромдарда, автомобильдерге май құю станцияларында, теңіз және өзен порттарында жанар-жағармай материалдарымен бірінші кезекте қамтамасыз етілу құқығын, сондай-ақ техникалық қызмет көрсету станцияларында, аэродромдарда, теңіз және өзен порттарында жөндеу жұмыстарын бірінші кезекте жүргізу құқығын пайдаланады.

Ескерту. 18-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2008.05.26 № 34-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен.

**19-бап. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің, Қарулы Күштерінің, басқа да әскерлері мен әскери құрамаларының күштері мен құралдарын төтенше жағдайларды жоюға тарту**

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің, Қарулы Күштерінің, басқа да әскерлері мен әскери құрамаларының күштері мен құралдарын төтенше жағдайларды жоюға тарту Қазақстан Республикасының Конституциясына және қолданылып жүрген заңдарға сәйкес жүзеге асырылады.

**20-бап. Құтқарушылар қызметінің құқықтық кепілдіктері**

1. Құтқару жұмыстары мен шұғыл жұмыстарды жүргізу барысында құтқарушылар осы Заңды, авариялық-құтқару қызметінің мәселелері жөніндегі



өзге де нормативтік құқықтық актілерді басшылыққа алады және құрамында аталған жұмыстарды жүргізетін авариялық-құтқару қызметі мен құрамаларының басшыларына ғана бағынады.

2. Жергілікті өкілді және атқарушы органдар, барлық меншік нысанындағы ұйымдар басшылары және азаматтар өз қызмет міндеттерін атқаруы кезінде құтқарушыларға жәрдемдесуге міндетті.

3. Өз міндеттерін атқаруына кедергі жасау мақсатымен құтқарушыларға қандай да жолмен болсын ықпал етуге ешкімнің де құқығы жоқ.

## **4 тарау. Құтқарушылар және олардың мәртебесі**

### **21-бап. Құтқарушылар**

1. Қазақстан Республикасының азаматтары медициналық куәландырудан өткеннен, дене шынықтыру жөніндегі нормативтерді орындағаннан, құтқарушылар даярлаудың бағдарламалары бойынша оқып-үйренуден кейін құтқару жұмыстары мен шұғыл жұмыстарды жүргізуге аттестаттау нәтижелері бойынша тиісті аттестаттау органдары шешімінің негізінде олар құтқарушы мәртебесін алады.

2. Қазақстан Республикасының азаматтарына құтқарушы мәртебесін беру туралы аттестаттау органдарының шешімі қабылданған кезде оларға белгіленген үлгідегі куәлік, құтқарушы кітапшасы, бетіне тегі, аты, әкесінің аты, қан тобы және құтқарушының тіркеу нөмірі жазылған жетон беріледі.

Құтқарушы кітапшасы құтқарушының құтқару жұмыстары мен шұғыл жұмыстарға қатысуын есепке алуға арналған. Құтқарушы кітапшасы туралы ережені уәкілетті орган бекітеді.

### **22-бап. Құтқарушыларды аттестаттау**

1. Құтқарушылар Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен аттестаттаудан өтеді және одан кейін тұрақты түрде қайта аттестаттаудан өтіп отырады.

2. Қайта аттестаттаудан өтпеген құтқарушылар құтқарушы мәртебесінен айырылады.

### **23-бап. Құтқарушылардың құқықтары**

1. Құтқару жұмыстары мен шұғыл жұмыстарға тартылған құтқарушылардың аталған жұмысты жүргізетін жерге бару кезінде көліктің барлық түріне билеттерді кезексіз алуға құқығы бар.

2. Құтқару жұмыстары мен шұғыл жұмыстарды жүргізу барысында құтқарушылар :

адамдарды құтқаруға бағытталған кез келген шараларды қолдануға;  
өз міндеттерін орындау үшін қажетті толық әрі айқын ақпарат алуға;

құтқару жұмыстары мен шұғыл жұмыстарды жүргізу үшін ұйымдардың аумағы мен өндірістік объектілеріне, тұрғын үйлерге кедергісіз кіруге; төтенше жағдайлар аймағындағы адамдардың бәрінен белгіленген қауіпсіздік шараларын сақтауды талап етуге;

құтқару жұмыстары мен шұғыл жұмыстарды жүргізу технологиясына сәйкес жабдықталуға және жарақтандырылуға;

адамдарды құтқару үшін және өте қажет болған жағдайда төтенше жағдайлар аймақтарында орналасқан ұйымдардың байланыс құралдарын, көлігін, мүлкін және өзге де материалдық құралдарын Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіпте пайдалануға;

қызметтік іздестіру иттерін қолдануға құқылы.

3. Құтқару жұмыстары мен шұғыл жұмыстарды жүргізуге қатысқан құтқарушылар медициналық мекемелер мен оңалту орталықтары базасында Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіпте медициналық және психологиялық оңалту жәрдемін алуға құқылы.

4. Құтқарушылар жұмыс уақытында өздерінің теориялық білімдері мен кәсіби шеберліктерін белгіленген тәртіпте жетілдіруге құқылы.

5. Кәсіби және ерікті авариялық-құтқару қызметі мен құрамаларының құтқарушылары құтқару жұмыстары мен шұғыл жұмыстарды жүргізу кезеңінде шығыны авариялық-құтқару қызметі мен құрамаларын ұстауға бөлінетін қаражат есебінен төленетін тамақ өнімдерімен Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген нормалар бойынша және тұратын орынмен қамтамасыз етілуге құқылы.

6. Еңбек шарты бойынша өздеріне жүктелген міндеттерді орындау барысында зардап шеккен кәсіби авариялық-құтқару қызметі мен құрамаларының құтқарушылары, сондай-ақ ерікті авариялық-құтқару қызметінің құтқарушылары және құтқарушы болып табылмайтын азаматтар оларды құтқару жұмыстары мен шұғыл жұмыстарды жүргізуге тартқан кезде тегін медициналық қызмет көрсетілуіне құқылы.

Ерікті авариялық-құтқару қызметінің құтқарушыларын және құтқарушылар болып табылмайтын азаматтарды құтқару жұмыстары мен шұғыл жұмыстарды жүргізуге тартқан кезде олардың негізгі жұмыс орны бойынша орташа жалақысы сақталады.

**Ескерту. 23-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2004.06.15 № 563, 2007.05.15 № 253 Заңдарымен.**

#### **24-бап. Құтқарушылардың міндеттері**

1. Құтқарушылар:

зардап шеккен адамдарды іздестіруге, оларды құтқару жөнінде шаралар қолдануға, оларға алғашқы медициналық және басқа да жәрдем түрлерін

к ө р с е т у г е ;

құтқару жұмыстары мен шұғыл жұмыстарды жүргізуге қатысуға дайын болуға, өздерінің дене шынықтыру, арнаулы, медициналық, психологиялық дайырлығын жетілдіруге ;

авариялық-құтқару құрамаларының құрамындағы іс-қимылдар дағдыларын жетілдіруге ;

құтқару жұмыстары мен шұғыл жұмыстарды жүргізу технологиясын мүлтіксіз сақтауға ;

құрамында құтқарушылар аталған жұмыстарды атқаруға қатысатын авариялық-құтқару құрамалары басшыларының құтқару жұмыстары мен шұғыл жұмыстарды жүргізу барысында беретін бұйрықтарын мүлтіксіз орындауға; төтенше жағдайларға жол бермеу мақсатында азаматтарға қауіпсіз жүріп-тұру ережелерін және ондай жағдайлар туындаған ретте іс-қимылдар жасау тәртібін түсіндіруге міндетті.

2. Кәсіби авариялық-құтқару қызметі мен құрамалары құтқарушыларының міндеттері тиісті жарғылармен, ережелермен, тәлімдемелермен белгіленеді және олар еңбек шартының құрамдас бөлігі болып табылады.

**Ескерту. 24-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2007.05.15 № 253 Заңымен.**

### **25-бап. Құтқарушылардың жұмыс (қызмет) және демалыс режимі**

1. Күнделікті қызметте кәсіби авариялық-құтқару қызметі мен құрамалары құтқарушыларының жұмыс (қызмет) режимі ішкі еңбек тәртібінің ережелерімен, кезекшілік кестелерімен, сабақтар немесе арнайы дайындық жөніндегі өзге де шаралар кестелерімен белгіленеді.

2. Кәсіби авариялық-құтқару қызметі мен құрамалары құтқарушыларының жұмыс режимі жұмыс күні мен жұмыс жылы ішінде Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарына сәйкес медициналық талаптар және санитариялық-гигиеналық нормалар ескеріле отырып белгіленеді.

3. Кәсіби авариялық-құтқару қызметі мен құрамалары құтқарушыларының құтқару жұмыстарын және шұғыл жұмыстарды жүзеге асыру кезеңінде күту және құтқару жұмыстары мен шұғыл жұмыстарға аттануға ұдайы дайын болу режимінде кезекшілік өтеу уақыты кезекшіліктің әр сағаты үшін сағаттың төрттен бірі мөлшерінде есептелінеді.

4. Құтқару жұмыстары мен шұғыл жұмыстарды жүргізу кезінде кәсіби авариялық-құтқару қызметі мен құрамалары құтқарушыларының жұмыс режимі мен жұмыс ауысымының ұзақтығын төтенше жағдайлардың сипатын, құтқару жұмыстары мен шұғыл жұмыстарды жүргізу ерекшеліктерін және медициналық ұсыныстарды ескере отырып төтенше жағдайларды жою басшылары белгілейді.

5. Орталық атқарушы органдардың кәсіби авариялық-құтқару қызметімен құрамаларының құтқарушыларына ұзақтығы 30 күнтізбе күндік ақылы демалыс беріледі. Әрбір үш жыл стаж үшін ақысы төленетін қосымша, ұзақтығы бір күн, бірақ күнтізбелік он бес күннен аспайтын демалыс беріледі.

**Ескерту. 25-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2008.05.26 № 34-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2008.12.04 № 97-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңдарымен.**

### **26-бап. Кәсіби авариялық-құтқару қызметі мен құрамалары құтқарушыларына еңбекақы төлеу**

1. Кәсіби авариялық-құтқару қызметі мен құрамалары құтқарушыларына еңбекақы төлеу Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

2. (алынып тасталды - Қазақстан Республикасының 2008.05.26 № 34-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен).

3. Кәсіби авариялық-құтқару қызметтері мен құрамаларының құтқарушыларына еңбек сіңірген жылдары үшін жұмыс стажына қарай ай сайын лауазымдық айлықақысына процент есебімен еңбек сіңірген жылдары:

үш жылдан асқанда - он бес процент;

бес жылдан асқанда - жиырма процент;

он жылдан асқанда - отыз процент;

он бес жылдан асқанда - қырық процент;

жиырма жылдан асқанда елу процент мөлшерінде үстемеақы төленеді.

Кәсіби авариялық-құтқару қызметтері мен құрамаларының құтқарушыларына еңбек сіңірген жылдары үшін проценттік үстемеақы төлеу үшін стаж Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған тәртіппен есептеледі.

4. Кәсіби авариялық-құтқару қызметтері мен құрамаларының құтқарушылары жалақысының мөлшері олар қызмет көрсететін ұйымдардың тиісті санаттардағы қызметкерлерінің жалақысы мөлшерінен төмен болмайды.

**Ескерту. 26-бап жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасының 2007.05.15 № 253, өзгерту енгізілді - 2008.05.26 № 34-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңдарымен.**

### **27-бап. Кәсіби авариялық-құтқару қызметі мен құрамалары құтқарушыларының тұрғын үй алу құқығы**

1. Орталық атқарушы органдардың, ұйымдардың кәсіби авариялық-құтқару қызметі мен құрамаларының құтқарушыларына және олармен бірге тұратын отбасы мүшелеріне Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген нормалар бойынша мемлекеттік және ведомстволық тұрғын үй қорының есебінен тұрғын үй-жай беріледі.

2. Тұрғын үй алуға (тұрғын үй жағдайларын жақсартуға) мұқтаж болған, қызметтік міндеттерін атқару кезінде қаза тапқан (қайтыс болған) кәсіби авариялық-құтқару қызметі мен құрамалары құтқарушыларының отбасылары, сондай-ақ құтқару жұмыстары мен шұғыл жұмыстарды жүргізуге тартылған және аталған жұмыстарды жүргізу барысында қаза тапқан (қайтыс болған) ерікті авариялық-құтқару қызметі мен құрамалары құтқарушыларының және құтқарушылар болып табылмайтын азаматтардың отбасылары Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген шарттар мен тәртіпте мемлекеттік тұрғын үй қорынан оны алу (тұрғын үй жағдайын жақсарту) құқығын сақтайды.

3. Кәсіби авариялық-құтқару қызметі мен құрамаларының құтқарушылары пәтерлеріне телефондарды ақылы негізде бірінші кезекте орнатуға құқылы.

**Ескерту. 27-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2008.12.04 № 97-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен.**

### **28-бап. Құтқарушылар мен олардың отбасы мүшелерінің әлеуметтік кепілдіктері**

1. Құтқарушыларды сақтандыру Қазақстан Республикасының сақтандырудың міндетті түрлері туралы заңнамалық актілеріне сәйкес жүзеге асырылады.

2. Құтқарушылар мемлекеттік органдар мен ұйымдардан шарттар негізінде келіп түскен қаражат есебінен де сақтандырылуы мүмкін.

3. Құтқарушы қызметтік міндеттерін атқару кезінде қаза тапқан (өлген) не ол қызметтік міндеттерін атқару кезінде алған жарақаттың салдарынан бір жыл ішінде өлген жағдайда асырауындағы адамдарға оның соңғы атқарған қызметі бойынша бір жылдық жалақысының кемінде он есе мөлшерінде бір жолғы жәрдемақы төленеді.

4. Құтқарушыға қызметтік міндетін атқару кезінде алынған зақым (жарақаттану, жаралану, контузия), сырқат салдарынан мүгедектік белгілеу кезінде оған :

I және II топтардағы мүгедекке - бір жылдық жалақысының бес еселенген мөлшерінде ;

III топтағы мүгедекке - бір жылдық жалақысының екі еселенген мөлшерінде бір жолғы жәрдемақы төленеді.

5. Құтқарушы қызметтік міндеттерін атқару кезінде мүгедектік белгіленбей, еңбек қабілетін тұрақты жоғалтқан ауыр зақым (жарақаттану, жаралану, контузия), сырқат алған жағдайда оған бір жылдық жалақысынан кем емес мөлшерде бір жолғы жәрдемақы төленеді.

6. Егер құтқарушының қаза табуы (өлуі), жарақаттануы, жаралануы (зақымдануы), сырқаттануы қызметтік міндетін атқарумен байланысты емес мән-жайларға қатысты болғандығы белгіленген тәртіпте дәлелденсе, осы Заңның 3, 4, 5-тармақтарында белгіленген бір жолғы жәрдемақы төленбейді.

7. Авариялық-құтқару қызметі мен құрамаларының қайтыс болған немесе қаза тапқан құтқарушысын жерлеу үшін тиісті жылға арналған республикалық бюджет туралы Қазақстан Республикасы Заңымен белгіленетін мөлшерде жәрдемақы беріледі.

8. Осы баптың 3, 4, 5, 7-тармақтары бойынша жәрдемақы авариялық-құтқару қызметі мен құрамаларын ұстайтын ұйымдардың қаражаты есебінен төленіп, осы ұйымдардың шығындары залал келтірушінің есебінен кейіннен толық көлемінде өтеледі.

9. Құтқарушылардың отбасы мүшелерін асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша әлеуметтік қамсыздандыру Қазақстан Республикасының мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылар туралы заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

**Ескерту. 28-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2007.05.07 № 244 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен.**

**29-бап. Авариялық-құтқару қызметі мен құрамалары қызметкерлерінің қосымша құқықтық және әлеуметтік кепілдіктері**

1. Еңбек жағдайы зиянды әрі қауіпті ұйымдарға қызмет көрсететін кәсіби авариялық-құтқару қызметі мен құрамаларының құтқарушыларына Қазақстан Республикасының заңдарымен осы ұйымдар үшін белгіленген құқықтық және әлеуметтік қорғау кепілдіктері мен жеңілдіктері қолданылады.

**2. (Алынып тасталды - Қазақстан Республикасының 2004.12.20. № 13 (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді) Заңымен)**

**Ескерту. 29-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2004.12.20 № 13 (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді) Заңымен.**

**30-бап. Ерікті авариялық-құтқару құрамаларының құтқарушыларын, сондай-ақ төтенше жағдайларды жою жөніндегі жұмыстарды жүргізуге тартылатын құтқарушылар болып табылмайтын азаматтарды әлеуметтік қорғау кепілдіктері**

Осы Заңның 28 және 29-баптарында көзделген құқықтық және әлеуметтік кепілдіктер ерікті авариялық-құтқару құрамаларының құтқарушыларына, сондай-ақ авариялық-құтқару жұмыстарын жүргізуге тартылған кезде, құтқарушылар болып табылмайтын азаматтарға қолданылады.

**Ескерту. 30-бап жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасының 2007.05.07 № 244 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен.**

**5 тарау. Қорытынды ережелер**



### **31-бап. Заңдардың бұзылғаны үшін жауапкершілік**

Еңбек шарты бойынша жүктелген міндеттердің орындалмауына, төтенше жағдайларды жою жөніндегі жұмыстарды жүргізу кезінде азаматтардың денсаулығына қасақана немесе абайсызда зиян келтірілуіне, табиғи ортаға, материалдық және мәдени қазыналарға залал тигізілуіне кінәлі авариялық-құтқару қызметі мен құрамалары жұмыстарының басшылары және құтқарушылары Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауапты болады.

**Ескерту. 31-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2007.05.15 № 253 Заңымен.**

### **32-бап. Авариялық-құтқару қызметі мен құрамалары қызметінің мәселелері жөніндегі дауларды шешу тәртібі**

Авариялық-құтқару қызметі мен құрамалары қызметінің мәселелері жөніндегі дауларды Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіпте соттар шешеді.

### **33-бап. Төтенше жағдайларды жоюға авариялық-құтқару қызметі мен құрамаларын тарту жөніндегі халықаралық шарттар**

Қазақстан Республикасының аумағынан тыс жерлердегі төтенше жағдайларды жоюға кәсіби авариялық-құтқару қызметі мен құрамаларын тарту Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шарттар негізінде жүзеге асырылады.

*Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Президенті*